## Қазақстан Республикасы Кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 31 тамыздағы N 95-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 13 қазан N 112 тіркелді. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 16 ақпандағы N 166 бұйрығымен. ~V011417

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығын

U962368_

орындау мақсатында бұйрық етемін:

1. "Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы" Ереже мынадай мақсаттарда бекітілсін:

- кеден баж салығын төлеу бойынша бөліп төлеу немесе мерзімін ұзарту ұсынылған жағдайда оның төленуін қамтамасыз ету;
- кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз етуді көздейтін кеден режимін пайдалану кезінде осы төлемдердің төленуін қамтамасыз ету;
- кеден ережелері бұзылған жағдайда айыппұл немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ету;

2. Облыстық кеден басқармаларының және кедендердің бастықтарына:

- Ережеге сәйкес жұмыс 1995 жылдың 1 қазанынан бастап ұйымдастырылсын;
- осы Бұйрықтың күші барлық құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Төраға орынбасары Р.К.Куватовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің

1995 жылғы 31 тамыздағы N 95-П
бұйрығымен бекітілді

# Қазақстан Республикасы Кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже мынадай мақсаттармен дайындалды:
а) кеден баж салығын төлеу бойынша бөліп төлеу немесе мерзімі ұзарту ұсынылған жағдайда оның төленуін қамтамасыз ету;

б) кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыз етуді көздейтін кеден режимін пайдалану кезінде осы төлемдердің төленуін қамтамасыз ету;
в) кеден ережелері бұзылған жағдайда айыппұл немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ету;
1.2. Осы Ережеге сәйкес кепілдік мәні тауарлар мен көлік құралдары бола алады.
Ережедегі "тауар" дегеніміз - материалдық дүниенің кез келген қозғалатын заты, соның ішінде валюта мен валюталық құндылықтар.
Кеден органдары мыналарды кепілдіктің мәні ретінде қабылдамайды:
- электр, жылу және энергияның басқа түрлерін;
- кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскелерін космос объектілерін;
- басқа міндеттемені қамтамасыз ету үшін кепілдікке беріліп қойған тауарлар немесе үшінші бір адамның пайдасына бұдан бұрынғы міндеттемелер жүктелген тауарлар;
- Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан шығаруға тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрған тауарлар;
- Кеден органдарының сату мүмкіндігі шектеулі тауарлар мен көлік құралдары;
- қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған тауарлар мен көлік құралдарын қоспағанда, айналымдағы және қайта өңдеудегі тауарлар мен көлік құралдары;
- тез бұзылатын тауарлар;
- олардың тұрған жерін үнемі бақылауды нақты кеден органы қамтамасыз ете алмайтын заттар;

- сатылу тәртібін, келешекте енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларға қоса, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 19 қаңтарындағы N 66 қаулысы белгілейтін тауарлар.

Айрықша жағдайларда, орталық кеден органының келісуі бойынша кеден органдары алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің басқа мүмкіндіктері болмағанда, азаматтық ауа, теңіз және өзен көліктерін, темір жолдарын жылжымалы составын кепілдік мәні ретінде қабылдауға жол беріледі.

Сертификат беруге немесе басқа мемлекеттік органдардың бақылауына жататын, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізіліп отырған тауарлар мен көлік құралдары сертификаты болған жағдайда немесе ветеринарлық, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың басқа түрлерінен өткен жағдайда кепілдік мәні бола алады.

Жеке сипаттағы талаптар, кепілдікке берілуіне заңмен тыйым салынған басқа талаптар, сондай-ақ Кепілдік беруші өз иелігінен ала алмайтын мүлік (атап айтқанда, ортақ меншіктегі мүлік барлық меншік иелерінің келісімінсіз және т.б.) кепілдік мәні бола алмайды.

1.3. Еркін (рыноктық) бағасы төленуге тиіс мына сомалардан төмен емес тауарлар мен көлік құралдары кеден төлемдерінің төленуін қамтамасыз ететін кепілдіктің мәні бола алады:

- кеден баж салығы, қосылған құнға салық, акциз, алынуы кеден органына жүктелген басқа салықтар;

- кеден құжаттарын толтыру үшін кеден алымдары;

- тауарларды сақтау және (немесе) тауарларды кедендік алып жүру үшін кеден алымдарының ең жоғары сомасы (егер бұндай сақтау және (немесе) алып жүру орын алған болса немесе орын алып отырса);

- қайта қаржыландырудың Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін ресми мөлшері бойынша көрсетілген соманың проценттер;

- кеден органдары алдында міндеттемелерді орындамау орын алмаған және одан соңғы сатуға байланысты кепілдік мәнін ұстау жөніндегі шығындар мен оны мемлекет меншігіне айналдыру жөніндегі шығындардың орнын толтыруға тауарлар мен көлік құралдары құнының ________проценті.

1.4. Қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған тауарлар мен көлік құралдарының кепілдікке берілуін қоспағанда, кепілдік мәнін ауыстыруға тек кеден органының келісімімен жол беріледі. Аталған тауарлар мен көлік құралдарын ауыстыру осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

## 2. Кепілдік беруші

2.1. Кепілдік беруші:

- борышқордың өзі немесе үшінші бір адам;

- тауардың меншік иесі немесе, егер заң актілерінде басқадай көзделмесе,

оның келісімі бойынша тауарға шаруашылық басқару құқығы бар адам бола алады;

2.2. Кепілдік беруші кепілдік мәнінің кепілдікке берілу заңдылығы үшін жауап береді.

## 3. Кепілдік туралы шарт

3.1. Кеден органы мен Кепілдік беруші арасындағы кепілдік қатынастарын осы Ережеге сәйкес жасалатын кепілдік туралы шарт белгілейді.

3.2. Кепілдік туралы шартта міндетті түрде кепілдіктің мәні мен оның құны, кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні мен орындалу мерзімі, сондай-ақ кепілдікке берілген мүлік тараптардың қайсысында екендігі және оны пайдалану мүмкіндігі көрсетілуі тиіс.

3.3. Кепілдік туралы шартта жазбаша түрде жасалады.

3.4. 3.2. және 3.3. тармақтарда жазылған ережелерді қадағаламау кепілдік туралы шарт күшінің жойылуына әкеледі.

Кепілдік туралы Үлгі шарттардың формалары N 1 Қосымшада көрсетілген (А , Б, В, Г формалары). Егер Кепілдік беруші жеке адам болса, шартта Кепілдік берушінің мәртебесінен туындайтын ерекшеліктер көрсетіледі (есеп айырысу есепшотының, мөрінің жоқ екендігі және т.б.).

3.5. Кепілдік туралы шарт жасасқан кезде Кепілдік беруші Кеден органының келісімімен, егер ол кепілдік міндеттемелерінің орындалу мерзімі келген сәтте оларды орындамаса, Кепілдік беруші тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне қоятындығын анықтауға құқылы.

Аталған жағдайда бұндай мерзім келген сәтте кепілдік құқығы тоқтатылады. Кепілдік берушінің шартта көрсетілген бұндай мәлімдемесі ресми мәлімдеудің қарапайым түрі болып табылады. Бұл жағдайда мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимін мәлімдеуге байланысты Кепілдік берушінің кеден жүк декларациясын толтыруы талап етілмейді. Кепілдік туралы бұндай шартты кеден органының жасауы бұл органның тауарлар мен көлік құралдарының мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қойылуына рұқсат беруі ретінде қаралады.

3.6. Кеден органы атынан кепілдік туралы шартқа, қаржы құжаттарына қол қоюдың бекітілген ережелеріне сәйкес, бастық және оның орынбасары, сондай-ақ бас (аға) бухгалтер қол қояды.

3.7. Қайта өңдеудің кедендік режиміне қойылған тауарлар мен көлік құралдарын ауыстыру жағдайларын қоспағанда, кепілдік мәнін ауыстыру кепілдік шартына толықтыру жасаумен дайындалады.

## 4. Кепілдікті тіркеу

4.1. Мемлекеттік тіркеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарының кепілдігі аталған тауар мен көлік құралдарын тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.

Бұл жағдайда кепілдік туралы шарт ол тіркелген сәттен бастап жасалды деп есептеледі. Кепілдікті тіркеуді Кепілдік беруші өз есебінен қамтамасыз етеді.

4.2. Кеден органы кепілдік туралы жасалған шарттардың тізімін жүргізеді (N 2 Қосымша).

4.3. Кепілдікпен қамтамасыз қарыз талабының сипаты мен мазмұны өзгерген кезде қосымша тіркеу жасалады.

## 5. Кепілдік беруші мен кеден органы арасындағы өзара қатынастар

5.1. Егер кеден органы басқа шешім қабылдамаса, кепілдік кезінде кепілдік берушіде қалады.

5.2. Кепілдік мәнінің Кепілдік берушіде немесе кеден органында қалатындығына қарамастан, Кепілдік беруші жоғалтудан, жетіспеушіліктен немесе апат не жеңуге болмайтын белгісіз күштің әсерінен кепілдік мәніне нұқсан келтіруден, басқа мемлекеттік органдардың кепілдік берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын, не оған кедергі болатын, немесе оған теріс әсерін тигізетін (кепілдік мәнін тәркілеу, реквизициялау және т.б.) әрекет етуі мен акт қабылдауынан, сондай-ақ тартудан немесе қабілетсіз деп танудан не өзінің қабілетсіздігі туралы хабарлаудан кепілдікке алынған кепілдік мәнін оның құнына өз есебінен сақтандыруға міндетті.

5.3. Кепілдік берушінің кеден органының келісімінсіз кепілдік мәніне иелік етуге құқы жоқ.

5.4. Егер оған кепілдік туралы бұрынғы шарттарға тыйым салынбаса, тауарлар мен көлік құралдарының одан соңғы кепілдігіне (кепілдікке қайта берілуіне) жол беріледі.

5.5. Кепілдік беруші әрбір келесі Кепілдік ұстаушыға аталған мүліктің барлық кепілдіктері туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті және ол осы міндеттің орындалмау себебінен кепілдік ұстаушыға келтірілген шығындар үшін жауап береді.

5.6. Кепілдік мәнін Кепілдік берушіде қалдыру кепілдігі кезінде қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған кепілдік мәнін иелікке немесе пайдалануға беруді қоспағанда, кепілдік мәнін сатуға басқалай айыруға, жалға беруге және иелену мен пайдалануға үшінші бір адамға берудің басқа түрлеріне жол берілмейді.

5.7. Кепілдік мәнін Кепілдік берушіде қалдыру кепілдігі кезінде кеден органы мыналарға құқылы:

а) кепілдік мәнінің бар екендігін, мөлшерін, жағдайын және сақталу жағдайларын тексеруге;

б) кепілдік берушіден кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қабылдауды талап етуге. Кепілдік беруші бұндай шараларды қабылдауға міндетті;

в) кез келген адамнан кепілдік мәнінің жоғалуына немесе оған нұқсан келтіруге соқтыратын қол сұғушылықты тоқтатуды талап етуге.

5.8. Кеден құжаттарын толтыратын кеден органы лауазымды адамдарының пікірі бойынша кеден төлемдерінің немесе басқа да тиісті сомалардың төленуіне жеткілікті кепіл бермейтін жағдайлар болған кезде, кеден органы, әдетте, кепілдік мәнін өзінде қалдыру шартын жасау туралы шешім қабылдайды. Аталған жағдайда тек Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар ғана кепілдік мәні бола алады.

Кепілдік мәні құрылтайшысы кеден органы болып табылатын уақытша сақтау қоймасына қойылады немесе қалады, не кеден органының қоймасына қойылады, немесе құрылтайшысы кеден органы болып табылатын кеден қоймасына сақтауға қойылады.

5.9. Кепілдік мәнін өзінде қалдырған кезде кеден органы кепілдік мәнін сақтандыруды жүзеге асырмайды, оны пайдаланбайды, сондай-ақ кепілдік беруші мүдделері үшін кепілдік мәнінен кіріс және басқа мүліктік пайдалар таппайды.

Бұндай жағдайда кепілдік мәнін өзінде қалдырғанда кеден органы мыналарға міндетті:

- кепілдік мәнін сақтау үшін қажетті шаралар қабылдауға;

- кепілдік мәнін жоғалту немесе оған нұқсан келтіру қаупі туғандығы туралы кепілдік берушіге хабарлауға;

- кепілдік қамтамасыз еткен міндеттемені Кепілдік беруші орындаған соң (ал кеден төлемдерінің төленуі қамтамасыз етілген кезде - немесе үшінші бір адам) немесе айыппұл не тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ететін кепілдіктің негізсіздігі анықталған жағдайда, Кепілдік берушіге кепілдік мәнін алып кету мүмкіндігін, беруге;

- егер Кепілдік беруші кепілдік мәнін көрсетілген мерзім ішінде алып кетсе, кепілдік қажеттілігі аяқталған соң бес күндік мерзімнен кешіктірмей Кепілдік берушіге кепілдік мәнін алып кету қажеттілігі туралы жазбаша түрде хабарлауға;

5.10. Егер кепілдік мәні ретінде кепілдік ұстаушыға берілген тауарлар мен көлік құралдарын Кепілдік беруші оған тиісті хабарлау жіберілген күннен бастап екі ай ішінде талап етпесе, кеден органы бұндай тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасына қояды. Бұл жағдайда, уақытша сақтаудың мерзімі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі

туралы" Жарлығына сәйкес белгіленеді.

5.11. Осы Ереженің 5.8. тармағында көрсетілген қоймаларға қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, кепілдік мәні кеден органының құлпы, пломбасы және мөрімен Кепілдік берушіде қалдырылады (тұрақты кепілдік). Пломба мен мөр кедендік сәйкестендірудің құралы болып табылады, оларға қатынас пен олармен жұмыс жасауды Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының ережелері реттейді.

5.12. Кепілдік ұстаушының кеден органдары алдындағы өз міндеттемелерін орындау мерзімі осыған сәйкес кеден төлемдерінің төленуін ұзарту мерзімінен, кеден режимінің аяқталуының немесе айыппұл сомасын не тауарлар мен көлік құралдарының құнын төлеу мерзімі басталуының шекті мерзімінен аспауға тиіс.

Егер кепілдік мәні кеден төлемдерінің төленуін де, айыппұл сомасын немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын да қамтамасыз етсе, онда кепілдік беруші кеден органдары алдындағы өзінің барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін кепілдік өзінің бастапқы көлемінде сақталады.

5.13. Кеден органдары алдындағы міндеттемелердің орындалу мерзімі келген сәтте, егер бұл міндеттемелер орындалмаса, кеден органы кепілдік мәнінен ақы өндіріп алу құқығына ие болады.

## 6. Кепілдік мәнінен ақы өндіріп алу

6.1. Кепілдік мәнін өзінде қалдыратын Кепілдік ұстаушы осы Ереженің 5.2. тармағы мен 5.7. тармағының "б" тармақшасында көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, кеден органдары кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындалу мерзімі басталғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуға құқылы.

6.2. Егер кеден органының кінәсі болмай, кепілдік мәнін кепілдік ұстаушыда қалдыру кепілдігі кезінде кепілдік мәні жоғалса, және Кепілдік ұстаушы оны қалпына келтірмесе немесе кеден органының келісімі бойынша оны бағасы тең басқа затпен ауыстырмаса, кеден органы кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің мерзімінен бұрын орындалуын талап етуге құқылы.

6.3. Кеден органының айыбы болмай, кепілдік мәнін жоғалту, жеткіліксіз болу немесе нұқсан келтірудің іс жүзіндегі қаупі туса, кеден органы кепілдік мәнін ауыстыруды талап етуге құқылы, ал бұл талапты орындаудан бас тартылған жағдайда кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіруге құқылы.

6.4. Егер Кепілдік беруші шартта мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне тауарлар мен көлік құралдарын қою туралы мәлімдесе (осы Ереженің 3.5. тармағы), онда бұндай шарттық міндеттеме осы Ереженің 6.1. тармағында көзделген жағдайда күшіне енеді, яғни кеден органы кепілдік мәнін сақтандыру немесе сақтау міндетінің орындамағандығын анықтаған сәтте, ал осы Ереженің

6.2., 6.3. тармақтарында көзделген жағдайларда - кеден органының кепілдік мәнін қалпына келтіру немесе ауыстыру туралы жазбаша талабы алынған күннен бастап үш күн өткен соң күшіне енеді.

6.5. Кепілдік мәнінен ақы өндіріп алу (яғни, егер Кепілдік беруші тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қоймаған жағдайда, кеден органының кепілдік мәніне құқығын жүзеге асыру) соттық, төрелік, аралық соттың шешімі бойынша жасалады.

6.6. Бас тартудың кеден режиміне қойылған жағдайда, кепілдік мәнін есепке алу мен бағалау, бағалаушы - маман (сарапшы) шақырып бағалау комиссиясын құратын кеден органдарына жүктеледі.

6.7. Жасалған кепілдік мәнін бағалау туралы кепілдік мәнінің тізімін жасау мен оны бағалау актісі үш данада жасалады және оны тиісті кеден органының басшылығы бекітеді.

6.8. Кепілдік туралы шартпен және өзге заң актілерімен көзделген жағдайларда, Кепілдік ұстаушы соттан тыс күштеу тәртібінде сауда (кеден аукционы) өткізу жолымен кепілдікке тұрған мүлікті өз бетінше сатуға құқылы.

6.9. Ақы өндіріп алынатын кепілдік мәнін сатудан түскен сома кеден органдары алдындағы осы кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелер мөлшерінен асып түссе, айырма Кепілдік берушіге қайтарылады. Сатылған күннен кейінгі үш жыл ішінде талап етілмеген сомалар республикалық бюджет кірісіне енгізуге жатады.

Егер бұндай сома жеткіліксіз болып табылса, онда жетпеген сомалар Кепілдік берушінің басқа мүлкінен өндіріп алынады.

6.10. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қоюға кеден органы рұқсатының күшіне ену мерзімі басталған сәтке дейін Кепілдік беруші кез келген уақытта кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындауға құқылы.

Осы Ереженің 6.5. тармағына сәйкес ақы өндіріп алынатын кепілдік мәні сатылған сәтке дейін Кепілдік беруші кез келген уақытта кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы ақы өндіріп алуды тоқтатуға құқылы.

## 7. Қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған тауарлар мен көлік құралдарының кепілдігі

7.1. Қайта өңдеудің кеден режиміне кеденнің бақылауымен кеден аумағында қайта өңдеуге қойылған тауарлар мен көлік құралдары кепілдігі кезінде, оның жалпы құны кепілдік туралы шартта көрсетілген құнынан кем болып қалмайтын болса, кепілдік мәнінің құрамы мен табиғи формасын өзгертуге жол беріледі.

Қайта өңдеудің кеден режиміне қойылған тауарлар мен көлік құралдарының кепілдігі туралы шарт кепілдікке берілген тауар мен көлік құралының түрін,

оның басқа да тектік белгілерін, кепілдік мәнінің жалпы құнын, оның тұрған орын, сондай-ақ кепілдік мәнін ауыстырылуы мүмкін тауарлар мен көлік құралдарының түрлерін белгілеуі тиіс.

Шартта тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою туралы кепілдік берушінің мәлімдемесі болған кезде бұл мәлімдемесі, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне қоюға берілген кеден органының рұқсаты кепілдік туралы шартты өзгерту және толықтыру жасалмай, немесе жаңа шарт жасалмай қайта өңдеу өнімдеріне қолданылады.

## 8. Қорытынды ережелер

8.1. Кепілдік мәнінен ақы өндіріп алу және тауарлар мен көлік құралдарынан мемлекет пайдасына бас тарту адамды кеден ережелерін бұзушылық үшін жауапкершіліктен және кеден ісі саласындағы қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

8.2. Осы Ережемен реттелмеген жайларда, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасы

Кеден органдарының кепілдік
пайдалануы туралы Ережеге
N 1 Қосымша

А формасы

Кепілдік мәнін Кепілдік берушіде қалдыру

кепілдігі туралы
Үлгі шарт

____________________ __________________199 ж.
(жасалған орны)

_________________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
_________________________________________________________негізінде
жарғылық немесе құрылтай құжаты көрсетілсін)
қызмет ететін, бұдан әрі Кепілдік беруші деп аталатын _________

_________________________________________________________________

кепілдік мәнін беретін тұлғаның толық атауы немесе фамилиясы,
аты, әкесінің аты)
және_____________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
осы орган туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы кеден
органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже негізінде
қызмет ететін бұдан әрі Кепілдік ұстаушы деп аталатын

_________________________________________________________________

(кеден органының атауы)
төмендегі туралы осы шартты жасасты:

Жалпы ережелер

1. Кепілдік беруші Кепілдік ұстаушыға кепілдік мәні ретінде

__________________________________________________________________

(кепілдік мәні ретінде берілетін тауарлар мен көлік құралдарының

__________________________________________________________________

атауы, жеке белгілері, саны және құны, егер қосымша болса, бұл

__________________________________________________________________

туралы көрсетілсін)
2. Кепілдік мәнімен Кепілдік берушінің мынадай сомадағы
кеден баж салығын төлеу туралы міндеттемелері қамтамасыз етіледі

__________________________________________________________________

(кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптың сомасы)

__________________________________________________________________

(цифрмен және жазба түрде көрсетілсін)

3. Кепілдік мәні_____________________________________________
______________________________________________________орналасқан
(кепілдік мәнінің тұрған жері көрсетілсін)
4. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындау
мерзімі 199 ж. " "________________/___________________________
____________________________________________________/ аяқталады

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілді пайдалануы туралы Ережеге сәйкес, кепілдік мәнінің кепілдікке берілу заңдылығы үшін Кепілдік беруші жауап береді .

## Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Кепілдік беруші мыналарға міндетті:

а) жоғалтудан, жетіспеушіліктен немесе апат не жеңуге болмайтын белгісіз күштің әсерінен кепілдік мәніне нұқсан келтіруден, басқа мемлекеттік органдардың Кепілдік берушінің шаруашылық қызметін тоқтатып, не оған кедергі болатын, немесе оған теріс әсерін тигізетін (кепілдік мәнін тәркілеу, реквизициялау және т.б. әрекет етуі мен акт қабылдауынан, сондай-ақ таратудан немесе қабілетсіз деп танудан не өзінің қабілетсіздігі туралы хабарлаудан кепілдікке алынған кепілдік мәнін оның толық құнына өзі есебінен сақтандыруға ;

б) егер кепілдік мәні көлік құралдары болып табылса, осы шарт жасалған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей өз есебінен кепілдік туралы шарттың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етуге, және регистрден алынған өз есебінен тіркеуді растайтын жазбаны Кепілдік ұстаушыға беруге;

в) Кепілдік ұстаушының келісімінсіз кепілдік мәніне иелік етуге;

г) кепілдік мәнін сатпауға, басқа жолмен айыруға және жалға беруді қосқанда , үшінші бір адамның иелігіне және пайдалануына бермеуге;

д) кепілдік мәніне одан соңғы кепілдікті жүктемеуге;

е) кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қолдануға;

ж) егер кепілдік мәні Кепілдік ұстаушының айыбы болмай жоғалған болса, кепілдік мәнін қалпына келтіруге немесе Кепілдік ұстаушының келісімі бойынша оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстыруға.

7. Кепілдік беруші мыналарға құқылы:

а) кепілдік мәнімен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға;

б) соттың, төрелік соттың, аралық соттың шешімі бойынша немесе нотариуспен орындау жазбасы негізінде кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы кепілдік мәні сатылғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуды тоқтатуға;

8. Кепілдік мәнін сатудан түскен сома осы кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың сомасынан асып түскен жағдайда Кепілдік ұстаушы айырманы

Кепілдік берушіге қайтаруға міндетті.

9. Кепілдік ұстаушы мыналарға құқылы:

а) Егер кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталған сәтте, ол орындалмаса, кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуға;

б) Кепілдік беруші осы шарттың 6-тармағының "а" және "е" тармақшаларында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, кепіл мәнінен мерзімінен бұрын ақы өндіріп алуға;

в) өз талаптарын іс жүзінде қанағаттану сәтінде анықталатын толық көлемде кепілдік мәнінің есебінен қанағаттандыруға;

г) Кепілдік беруші кепілдікпен қамтамасыз етілген барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін кепілдікті бастапқы көлемде сақтауға;

д) ақы өндіріп алынатын кепілдік мәнін "Кеден ісі туралы" Ережелерге сәйкес сатуға;

е) Кепілдік мәнін сатудан түскен сомалар оның талаптарын толық қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда, жетпейтін соманы "Кеден ісі туралы" Ережелерге сәйкес өндіріп алуға;

ж) кепілдік мәнінің бар екендігін, мөлшерін, жағдайын және сақталу жағдайын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеруге;

з) Кепілдік берушіден кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қабылдауды талап етуге;

и) кепілдік мәнін жоғалту немесе оған нұқсан келтіру қаупін тудыратын кепілдік мәніне қол сұғушылықты тоқтатуды кез келген адамнан талап етуге;

к) егер кепілдік мәні Кепілдік ұстаушының кінәсі болмай жоғалса және Кепілдік беруші оны қалпына келтірмесе немесе Кепілдік ұстаушының келісімімен оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстырмаса, кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің мерзімінен бұрын орындалуын талап етуге.

## Қосымша шарттар мен ережелер

10. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме толық көлемде немесе оның кейбір бөліктері көрсетілген мерзімде немесе оның басталуына дейін орындалмаған жағдайда, осы шартта көзделген жағдайларда, осыған сәйкес осы шарттың 1-тармағында көрсетілген көлік құралдарын немесе олардың міндеттеменің орындалмаған бөлігіне тең бөлігін мемлекет пайдасына бас тартудан кеден режиміне қоюды өтінемін (Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары кепілдік мәні ретінде берілген кезде толтырылады).

11. Осы шарттың 1-тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне қоюға кеден органының

рұқсаты осы Шарттың 6-тармағы "а" және "е" тармақшаларында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда өз күшіне мерзімінен бұрын енеді, - Кепілдік ұстаушы осы міндеттемелердің орындалмағанын анықтаған сәтте, ал осы шарттың 9-тармағының "к" тармақшасында көзделген жағдайда - Кепілдік ұстаушының кепілдік мәнін қалпына келтіру немесе ауыстыру туралы жазбаша талабы алынған күннен бастап үш күн өткен соң.

12. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Кепілдік берушінің осы шарттың 1-тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою туралы мәлімдемесі күші жойылған деп есептеледі.

13. Кепілдік берушінің осы шарттың 1-тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою туралы мәлімдемесі айыппұл немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ететін кепілдік негізсіздігі анықталған кезде күші жойылған деп есептеледі.

14. Осы шарттың 1-тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдары немесе олардың бір бөлігі мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қойылған жағдайда, сатудан түскен және кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың мөлшерінен асып түсетін сомалар айырма ретінде Кепілдік

берушіге қайтарылуы тиіс.

15. Кепілдік беруші Қазақстан Республикасы Кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереженің осы шартқа қолданылуымен келіседі.

16. Осы шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдары бойынша белгіленеді.

17. Осы шартпен реттелмеген жағдайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің

K941000_

нормалары қолданылады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен реквизиттері

Кепілдік ұстаушы Кепілдік беруші

___________________________ ______________________________

(кеден органының атауы) (кепілдік берушінің атауы

мекен-жайы________________ ______________________________

немесе аты, әкесінің аты

Е/есепшоты________________ ______________________________

______________________________ фамилиясы)

Бастығы____________________ мекен-жайы____________________

______________________________ Е/есепшоты____________________

______________________________ ______________________________

(қолы)

Бас (аға) бухгалтер______ Басшысы немесе басқа

______________________________ өкілеттенген адам____________

(қолы) ______________________________

(қолы)

Кепілдік туралы N Шартқа өзгертулер мен толықтырулар

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

Кепілдік ұстаушы Кепілдік беруші

Бастығы____________________ Басшысы немесе басқа

(қолы) өкілеттенген адам__________

Бас (аға) бухгалтер______ ______________________________

______________________________ ______________________________

(қолы) (қолы)

Б формасы

Тұрақты кепілдік туралы
Үлгі шарт

____________________ " "________________19 ж.

(жасалған орны)

________________________________________________________________ұсынатын

(лауазымды адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

____________________________________________негізінде қызмет ететін

(жарғылық немесе құрылтай құжаты көрсетілсін)

Бұдан әрі Кепілдік беруші деп аталатын______________________________

________________________________________________________________________

(кепілдік мәнін беретін адамның толық атауы немесе аты,

әкесінің аты, фамилиясы)
және
_____________________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, фамилиясы, аты әкесінің аты)
Осы орган туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы Кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже негізінде қызмет ететін, бұдан әрі Кепілдік ұстаушы деп аталатын

_____________________________________________________________________

(кеден органының атауы)
төмендегі туралы осы Шартты жасасты:

Жалпы ережелер

1. Кепілдік беруші Кепілдік ұстаушыға кепілдік мәні ретінде

_____________________________________________________________________

(кепілдік мәні ретінде бастапқы кезде берілетін тауарлар мен

_____________________________________________________________________

көлік құралдарының атауы, жеке белгілері, саны және құны, егер

_____________________________________________________________________

қосымша болса, бұл көрсетілген)

2. Кепілдік мәнімен Кепілдік берушінің мынадай сомадағы кеден баж салығын төлеу туралы міндеттемелері қамтамасыз етіледі

___________________________________________________________________

(тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптың сомасы

____________________________________________________________________

цифрмен және жазба түрде көрсетілсін)

3. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі 199 ж. " " _____________________________________________
_________________________________________________________аяқталады

4. Кепілдік мәні____________________________________________
_________________________________________________________орналасқан
(кепілдік мәнінің тұрған жері көрсетілсін)

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен Қазақстан Республикасы Кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ережеге сәйкес, кепілдік мәнінің тұрақты кепілдікке берілу заңдылығы үшін Кепілдік беруші

жауап береді.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7. Кепілдік беруші мыналарға міндетті:

а) жоғалтудан, жетіспеушіліктен немесе апат не жеңуге болмайтын белгісіз күштің әсерінен Кепілдік мәніне нұқсан келтіруден, басқа мемлекеттік органдардың Кепілдік берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын, не оған кедергі болатын, немесе оған теріс әсерін тигізетін (кепілдік мәнін тәркілеу, реквизициялау және т.б.) әрекет етуі мен акт қабылдауынан, сондай-ақ таратудан немесе қабілетсіз деп танудан не өзінің қабілетсіздігі туралы хабарлаудан кепілдікке алынған кепілдік мәнін оның толық құнына өз есебінен сақтандыруға;

б) егер кепілдік мәні көлік құралдары болып табылса, осы шарт жасалған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей өз есебінен кепілдік туралы шарттың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етуге және реестрден алынған өз есебінен тіркеуді растайтын жазбаны Кепілдік ұстаушыға беруге;

в) Кепілдік ұстаушының келісімінсіз кепілдік мәніне иелік етпеуге;

г) кепілдік мәнін сатпауға, басқа жолмен айыруға және жалға беруді қосқанда , үшінші бір адамның иелігінен және пайдалануына бермеуге;

д) кепілдік мәніне одан соңғы кепілдікті жүктемеуге;

е) кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қолдануға;

ж) Кепілдік ұстаушының құлпын, пломбасын және мөрін сақтау үшін шаралар қолдануға; Кепілдік ұстаушының пломбасы мен мөрін өзгертпеуге, жоймауға, оларға нұқсан келтірмеуге;

з) кепілдік мәні, Кепілдік ұстаушының құлпын, пломбасы мен жоғалту немесе оларға нұқсан келтіру қаупінің пайда болғаны туралы Кепілдік ұстаушыға тез арада хабарлауға;

и) Кепілдік ұстаушының кінәсі болмай, кепілдік мәнін жоғалту, жетіспеушілік немесе оған нұқсан келтіру шынайы қаупі, Кепілдік ұстаушының талабы бойынша кепілдік мәнін ауыстыруға;

к) Егер кепілдік мәні Кепіл ұстаушының айыбы болмай жоғалған болса, кепілдік мәнін қалпына келтіруге немесе Кепілдік ұстаушының келісімі бойынша оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстыруға;

л) кепілдік мәнін пайдаланбауға;

8. Кепілдік беруші мыналарға құқылы:

а) кепілдік мәнімен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға;

б) соттың, төрелік соттың, аралық соттың шешімі бойынша немесе нотариустың орындау жазбасы негізінде кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы кепілдік мәні сатылғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуды тоқтатуға;

9. Кепілдік ұстаушы мыналарға міндетті:

а) кепілдік мәнін жоғалту немесе оған нұқсан келтіру қаупінің туғандығы туралы Кепілдік берушіге тез арада хабарлауға;

б) Кепілдік беруші міндеттемелерін орындаған соң / кеден төлемдерінің төленуі қамтамасыз етілген кезде - немесе үшінші адам / немесе айыппұл не тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ететін тұрақты кепілдіктің негіздігі анықталған соң келесі жұмыс күнінен кешіктірмей құлыпты, пломба мен мөрді алып тастауға;

в) егер кепілдік мәнін сатудан түскен сома тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың мөлшерінен асып түскен жағдайда айырманы Кепілдік берушіге қайтаруға;

г) Кепілдік ұстаушының кінәсі бойынша кепілдік мәні жоғалған немесе жетіспеген жағдайда жоғалғанның (жетіспегеннің) мөлшерінде жауап беруге, ал нұқсан келтірілген кезде - кепілдік мәнінің құны қаншаға төмендесе, сонша сомада.

10. Кепілдік ұстаушы мыналарға құқылы:

а) Егер тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталған сәтте ол орындалмаса, кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуға;

б) Кепіл беруші осы шарттың 7-тармағының "а" және "е" тармақшаларында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, кепілдік мәнін мерзімінен бұрын ақы өндіріп алуға;

в) өз талаптарын іс жүзінде қанағаттану сәтінде анықталған толық көлемде кепілдік мәнінің есебінен қанағаттандыруға;

г) Кепілдік беруші тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін тұрақты кепілдікті бастапқы көлемде сақтауға;

д) ақы өндіріп алынатын кепілдік мәнін Қазақстан Республикасы заңдарының ережелеріне сәйкес сатуға;

е) кепілдік мәнінің бар екендігін, мөлшерін, жағдайын және сақталу жағдайларын, сондай-ақ Кепілдік ұстаушының құлпы, пломбасы мен мөрінің бар екендігін және жағдайын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеруге;

ж) кепілдік мәнін, Кепілдік ұстаушының құлпын, пломбасы және мөрін сақтауға қажетті шаралардың орындалуын Кепілдік берушіден талап етуге;

з) кепілдік мәнін жоғалту немесе оған нұсқан келтіру қаупін тудыратын кепілдік мәніне қол сұғушылықты тоқтатуды кез келген адамнан талап етуге;

и) Кепілдік беруші осы шарттың 7-тармағы "и" тармақшасында көзделген міндетті Кепілдік ұстаушының кепілдік мәнін ауыстыру туралы жазбаша талабын алған күннен бастап үш күн ішінде орындамаса, тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталғанға дейін кепілдік

мәнінен ақы өндіріп алуға;

к) Егер кепілдік мәні Кепілдік ұстаушының кінәсі болмай жоғалса және Кепілдік беруші оны қалпына келтірмесе немесе Кепілдік ұстаушының келісімімен оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстырмаса, тұрақты кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің мерзімінен бұрын орындалуын талап етуге;

л) кепілдік мәнін сатудан түскен сома оның талаптарын толық

қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда, жетпеген соманы Қазақстан Республикасы заңдарының ережелеріне сәйкес өндіріп алуға.

Қосымша шарттар мен ережелер

11. Кепілдік ұстаушының пломбасы мен мөрі кедендік сәйкестендіру құралдары болып табылады, оларға қатынасты және олармен жұмыс жасауды қолданылып жүрген кеден ережелері реттейді.

12. Кепілдік беруші Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдікті пайдалануы туралы Уақытша Ереженің осы Шартқа қолданылуымен келіседі;

13. Осы шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңдары бойынша белгіленеді.

14. Осы Шартпен реттелмеген жайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің нормалары қолданылады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен реквизиттері

Кепілдік ұстаушы Кепілдік беруші

______________________________ _____________________________

(кеден органының атауы) ( кепілдік берушінің атауы

______________________________ _____________________________

немесе фамилиясы, аты,

мекен-жайы___________________ _____________________________

Е/есепшоты___________________ әкесінің аты)

Бастығы _____________________ мекен-жайы _________________

______________________________ е/ есепшоты_________________

(қолы) Басшысы немесе басқа

Бас бухгалтер________________ өкілеттенген адам__________

______________________________ _____________________________

(қолы) (қолы)

В формасы

Кепілдік мәнін Кепілдік ұстаушыға беру

кепілдігі туралы
Үлгі шарт

___________________ "  "_____________199 ж.
(жасалған орны)

_________________________________________________________________
(лауазымды адамның қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
______________________________________________негізінде қызмет
(жарғылық немесе құрылтай құжаты көрсетілсін)
ететін, бұдан әрі Кепіл беруші деп аталатын_____________________

_________________________________________________________________
(кепілдік мәнін беретін тұлғаның толық атауы немесе фамилиясы,
аты, әкесінің аты)
және ___________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, аты, әкесінің аты,
фамилиясы)
осы орган туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже негізінде қызмет ететін, бұдан әрі Кепілдік ұстаушы деп аталатын

________________________________________________________________
(кеден органының атауы)
төмендегі туралы осы шартты жасасты:

Жалпы ережелер

1. Кепілдік беруші Кепілдік ұстаушыға кепілдік мәні ретінде

________________________________________________________________
________________________________________________________берeді

2. Кепілдік мәнімен Кепілдік берушінің мынадай сомадағы

кеден баж салығын төлеу туралы міндеттемелері қамтамасыз етіледі

________________________________________________________________
(кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптың сомасы цифрмен және
жазба түрде көрсетілсін)
3. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі 199  ж. " " __________________________/ _______________
________________________________________________/аяқталады.

4. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме көрсетілген мерзімде немесе ол басталғанға дейін орындалмаған кезде, осы Шартта көзделген жағдайларда, тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қоюға міндеттеме аламын_______________________________________________

_______________________________________________________________

(кепілдік берушінің қолы)

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ережеге сәйкес, кепілдік мәнінің кепілдікке берілу заңдығы үшін Кепілдік беруші жауап береді.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Кепілдік беруші мыналарға міндетті:

а) жоғалтудан, жетіспеушіліктен немесе апат не жеңуге болмайтын белгісіз күштің әсерінен кепілдік мәніне нұқсан келтіруден, басқа мемлекеттік органдардың Кепілдік берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын не оған кедергі болатын, немесе оған теріс әсерін тигізетін (кепілдік мәнін тәркілеу, реквизициялау және т.б.) әрекет етуі мен акт қабылдауынан, сондай-ақ таратудан немесе қабілетсіз деп танудан не өзінің қабілетсіздігі туралы хабарлаудан кепілдікке алынған кепілдік мәнін оның толық құнына өз есебінен сақтандыруға;

б) егер кепілдік мәні көлік құралдары болып табылса, осы Шарт жасалған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей өз есебінен кепілдік туралы шарттың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етуге, және реестрден алынған өз есебінен тіркеуді растайтын жазбаны Кепілдік ұстаушыға беруге;

в) кепілдік мәнін сатпауға және басқа жолмен оған иелік етпеуге;

г) кепілдік мәніне одан кейінгі кепілдікті жүктемеуге;

д) Кепілдік ұстаушының кінәсі болмай кепілдік мәнін жоғалту, жеткіліксіз болу және оған нұқсан келтіру шынайы қаупі туғанда, Кепілдік ұстаушының талабы бойынша кепілдік мәнін ауыстыруға;

7. Кепілдік беруші мыналарға құқылы:

а) кепілдік мәнімен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға. Бұл жағдайда тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою кезіндегі Кепілдік берушінің міндеттемесі мерзімінен бұрын күші жойылған болып есептеледі;

б) соттың, төрелік соттың, аралық соттың шешімі бойынша немесе нотариустың орындау жазбасы негізінде кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы кепілдік мәні сатылғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуды тоқтатуға;

8. Кепілдік ұстаушы мыналарға міндетті:
а) кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қолдануға;
б) кепілдік мәнін жоғалту не оған нұқсан келтіру қаупі туғандығы туралы Кепілдік берушіге хабарлауға;
в) кепілдік мәнін пайдаланбауға;
г) Кепілдік ұстаушының кінәсінен кепілдік мәні жоғалған немесе жетіспеген жағдайда жоғалғанның (жетпегеннің) құны мөлшерінде жауап беруге, ал нұқсан келген кезде - кепілдік мәнінің құны қанша төмендесе, сонша сома мөлшерінде.
д) Кепілдік беруші (кеден баж салығының төленуі қамтамасыз етілген кезде - немесе үшінші бір адам) міндеттемелерін орындаған соң немесе айыппұл не тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ететін кепілдік негізсіздігі анықталған соң Кепілдік берушіге кепілдік мәнін алып кету мүмкіндігін беруге;
е) егер Кепілдік беруші кепілдік мәнін көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін алып кетпесе, кепілдіктің қажеттілігі өткен соң бес күн мерзімнен кешіктірмей, Кепілдік берушіге кепілдік мәнін алып кету қажеттігі туралы жазбаша түрде хабарлауға;
ж) егер кепілдік мәнін сатудан түскен сома осы кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптың мөлшерінен асып түссе, айырманы Кепілдік берушіге қайтаруға (Кепілдік беруші мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қойылған кепілдік мәні болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартқан жағдайды қоспағанда.
9. Кепілдік ұстаушы мыналарға құқылы:
а) кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталған сәтте ол орындалмаса, кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуға;
б) өз талаптарын іс жүзінде қанағаттану сәтінде анықталатын толық көлемде кепілдік мәнінің есебінен қанағаттандыруға;
в) Кепілдік беруші кепілдікпен қамтамасыз етілген барлық міндеттемелерді толық көлемде орындалғанға дейін кепілдікті бастапқы көлемде сақтауға;
г) ақы өндіріп алынатын кепілдік мәнін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының ережелеріне сәйкес сатуға;
д) Кепілдік мәнін сатудан түскен сома оның талаптарын толық көлемде қанағаттандыруына жеткіліксіз болған жағдайда, жетпеген соманы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының ережелеріне сәйкес өндіріп алуға;
е) Кепілдік беруші осы шарттың 6 тармағы "д" тармақшасында көзделген міндетті Кепілдік ұстаушының кепілдік мәнін ауыстыру туралы жазбаша талабын алған күннен бастап үш күн ішінде орындалмаса, кепілдікпен

қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі басталғанға дейін кепілдік мәнін ақы өндіріп алуға;

ж) егер Кепілдік беруші оған тиісті хабарлау жіберілген күннен бастап екі ай ішінде кепілдік мәнін талап етпесе, бұл затты уақытша сақтау қоймасына қоюға. Уақытша сақтау мерзімі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығына сәйкес белгіленеді.

Қосымша шарттар мен ережелер

10. Кепілдік ұстаушы кепілдік мәнін сақтандыруды жүзеге асырмайды.

11. Осы шарттың 6-тармағы "д" тармақшасында көзделген міндеттеме орындалмаған жағдайда, кепілдік берушінің мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою кезіндегі міндеті күшіне мерзімінен бұрын енеді - Кепілдік ұстаушының кепілдік мәнін ауыстыру туралы жазбаша талабын алған күннен бастап үш күн өткен соң.

12. Айыппұл немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп

алуды қамтамасыз ететін кепілдік негізсіздігі анықталған кезде, Кепілдік берушінің осы шарт бойынша мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою кезінде тауарлар мен көлік құралдарынан бас тарту міндеті күші жойылған деп есептеледі.

13. Кепілдік беруші Қазақстан Республикасының кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы ереженің осы шартқа қолданылуымен келіседі.

14. Осы шарт тараптарының құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының заңдары белгілейді.

15. Осы шартта реттелмеген жайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің нормалары қолданылады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен реквизиттері

| Кепілдік ұстаушы | Кепілдік беруші |
| --- | --- |
| ________________________ | ____________________________ |
| (кеден органының | (кепілдік берушінің |
| ________________________ | ____________________________ |
| атауы) | атауы немесе аты, |
| Мекен-жайы______________ | ____________________________ |
| | әкесінің аты, фамилиясы) |
| Е/есепшоты______________ | Мекен-жайы__________________ |
| ________________________ | Е/есепшоты__________________ |
| Бастығы_________________ | ____________________________ |

_________________________ Басшысы немесе басқа
_________________________ өкілеттенген адам___________
(қолы) _____________________________
Бас (аға) бухгалтер_____ (қолы)
_________________________
(қолы)

Кепілдік туралы N туралы шартқа
өзгертулер мен толықтырулар

_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________
_____________________________________________________________________

Кепілдік ұстаушы Кепілдік беруші
Бастығы____________________ Басшысы немесе басқа
(қолы) өкілеттенген адам_______
Бас (аға) бухгалтер_______ _________________________
___________________________ _________________________
(қолы) (қолы)

Г формасы

Қайта өңдеудің режиміне қойылған тауарлар
кепілдігі туралы
Үлгі шарт

____________________________ " "______________199 ж.
(жасалған орны)
_____________________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, аты, әкесінің аты, фамилиясы)
_____________________________________________негізінде қызмет ететін
(жарғылық немесе құрылтай құжаты көрсетілсін)
бұдан әрі кепіл беруші деп аталатын_________________________________
_____________________________________________________________________
(кепілдік мәнін беретін тұлғаның толық атауы немесе фамилиясы
аты, әкесінің аты)
және_________________________________________________________ұсынатын
(лауазымды адамның қызметі, аты, әкесінің аты, фамилиясы)

Осы орган туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже негізінде қызмет ететін, бұдан әрі кепілдік ұстаушы деп аталатын

________________________________________________________________________

(кеден органының атауы)

төмендегі туралы Шартты жасасты:

Жалпы ережелер

1. Кепілдік беруші Кепілдік ұстаушыға кепілдік мәні ретінде

________________________________________________________________________

(кепілдік мәні ретінде берілетін тауарлар мен көлік

________________________________________________________________________

құралдарының атауы, жеке белгілері, саны және құны, егер қосымша болса, бұл көрсетілсін)

________________________________________________________________береді.

2. Бастапқы кепілдік мәні ретінде берілген тауарлар мен көлік құралдары мыналармен ауыстырылуы мүмкін_______________________

(бастапқы кепілдік мәні

________________________________________________________________________

ретінде берілген тауарлар мен көлік құралдарымен ауыстырылуы мүмкін

________________________________________________________________________

тауарлар мен көлік құралдарының атауы, сан мен құны көрсетілсін)

________________________________________________________________________

3. Кепілдік мәні Кепілдік берушінің мына саладағы кеден баж салығын төлеу міндеттемелері қамтамасыз етіледі

________________________________________________________________________

кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптың сомасы цифрмен және жазба

________________________________________________________________________

түрде көрсетілсін)

4. Кепілдік мәні _______________________________________________

__________________________________________________________орналасқан

(кепілдік мәнінің тұрған жері көрсетілсін)

5. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі 199 ж. " " ____________________________

/__________________________________________________/ аяқталады.

6. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ережеге сәйкес,

кепілдік мәнінің кепілдікке берілу заңдылығы үшін Кепілдік беруші жауап береді .

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Кепілдік беруші мыналарға міндетті:

а) жоғалтудан, жетпеуден немесе апат не жеңуге болмайтын белгісіз күштің әсерінен кепілдік мәніне нұқсан келтіруден, басқа мемлекеттік органдардың Кепілдік берушінің шаруашылық қызметін тоқтататын, не оған кедергі болатын, немесе оған теріс әсерін тигізетін (кепілдік мәнін тәркілеу, реквизициялау және т.б.) әрекет етуі мен акт қабылдауынан, сондай-ақ таратудың немесе қабілетсіз деп танудан не өзінің қабілетсіздігі туралы хабарлаудан кепілдікке алынған кепілдік мәнін оның толық құнына өз есебінен сақтандыруға;

б) егер, кепілдік мәні көлік құралдары болып табылса, осы шарт жасалған күннен бастап үш күн мерзімінен кешіктірмей өз есебінен кепілдік туралы шарттың мемлекеттік тіркеуін қамтамасыз етуге, және реестрден алынған өз есебінен тіркеуді растайтын жазбаны Кепілдік ұстаушыға беруге;

в) Кепілдік ұстаушының келісімінсіз кепілдік мәнін сатпауға және басқа жолмен оған иелік етпеуге, себебі бұндай талап тауарлар мен көлік құралдарын қайта өңдеудің кеден режиміне қоюдың шарты болып табылады;

г) кепілдік мәніне одан соңғы кепілдікті жүктемеуге;

д) кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қолдануға;

е) егер кепілдік мәні кепіл ұстаушының айыбы болмай жоғалған болса, кепілдік мәнін қалпына келтіруге немесе кепілдік ұстаушының келісімі бойынша оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстыруға.

7. Кепілдік беруші мыналарға құқылы:

а) егер бұл қайта өңдеудің кеден режимі шарттары мен талаптарына сәйкес келсе кепілдік мәнін үшінші бір адамға иелік етуге және пайдалануға беруге;

б) кепілдік мәнімен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға;

в) соттың, төрелік соттың, аралық соттың шешімі бойынша немесе нотариустың орындау жазбасы негізінде кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау арқылы кепілдік мәні сатылғанға дейін кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуды тоқтатуға.

8. Кепілдік мәнін сатудан түскен сома осы кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптар мөлшерінен асып түссе, кепілдік ұстаушы айырманы Кепілдік берушіге қайтаруға міндетті.

9. Кепілдік ұстаушы мыналарға құқылы:

а) егер кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалу мерзімі

басталған сәтте ол орындалмаса, кепілдік мәнінен ақы өндіріп алуға;

б) егер кепілдік беруші осы шарттың 6 тармағы "а" және "д" тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамаса, кепілдік мәнінен мерзімінен бұрын ақы өндіріп алуға;

в) өз талаптарын іс жүзінде қанағаттану сәтінде анықталатын толық көлемде кепілдік мәнінің есебінен қанағаттандыруға;

г) кепілдік беруші осы кепілдікпен қамтамасыз етілген барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін кепілдікті бастапқы көлемде сақтауға;

д) ақы өндіріп алынатын кепілдік мәнін "Кеден ісі туралы" Ережелерге сәйкес сатуға;

е) егер кепілдік мәнін сатудан түскен сома кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың мөлшерінен асып түскен жағдайда, айырманы кепілдік берушіге қайтаруға;

ж) кепіл мәнінің бар екендігін, мөлшерін, жағдайын және сақталу жағдайын құжаттар бойынша және іс жүзінде тексеруге;

з) кепілдік берушіден кепілдік мәнін сақтауға қажетті шаралар қабылдауды талап етуге;

и) кепілдік мәнін жоғалту немесе оған нұқсан келтіру қауіпін тудыратын кепілдік мәніне қол сұғушылықты тоқтатуды кез-келген адамның талап етуге;

к) егер кепілдік мәні кепілдік ұстаушының кінәсі болмай жоғалса және Кепілдік беруші оны қалпына келтірмесе немесе Кепілдік ұстаушының келісімімен оны құны тепе-тең басқа затпен ауыстырмаса кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің мерзімінен бұрын орындалуын талап етуге;

## Қосымша шарттар мен ережелер

10. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме немесе оның кейбір бөліктері көрсетілген мерзімде немесе оның басталуына дейін орындалмаған жағдайда, осы шартта көзделген жағдайларда, осыған сәйкес осы шарттың I тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарының немесе олардың міндеттеменің орындалмаған бөлігіне тән бөлігін мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қоюды өтінемін. (Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары кепілдік мәні ретінде берілген кезде толтырылады).

11. Осы шарттың бірінші тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қойылуына кеден органының рұқсаты осы шарттың 6 тармағы "а" және "д" тармақшаларында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда өз күшіне мерзімінен бұрын енеді, Кепілдік ұстаушы осы міндеттемелердің орындалмағанын анықтаған сәтте, ал осы шарттың 9 тармағының "к" тармақшасында көзделген жағдайда - Кепілдік ұстаушының кепілдік мәнін қалпына келтіру немесе ауыстыру туралы жазбаша

талабы алынған күннен бастап үш күн өткен соң.

12. Кепілдік берушінің осы шарттың I тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қою туралы мәлімдемесі айыппұл немесе тауарлар мен көлік құралдарының құнын өндіріп алуды қамтамасыз ететін кепілдік негізсіздігі анықталған кезде күші жойылған деп есептеледі.

13. Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеме мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Кепілдік берушінің осы шарттың I тарауында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет пайдасынан бас тартудың кеден режиміне қою туралы мәлімдемесі күші жойылған деп есептеледі.

14. Осы шарттың I тармағында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдары немесе олардың бір бөлігі мемлекет пайдасына бас тартудың кеден режиміне қойылған жағдайда, сатудан түскен және кепілдікпен қамтамасыз етілген талаптардың мөлшерінен асып түсетін сомалар айырма ретінде Кепілдік берушіге қайтарылуы тиіс.

15. Кепілдік беруші Қазақстан Республикасы кеден органдарының кепілдік пайдалануы туралы ереженің осы шартқа қолданылуы мен келіседі.

16. Осы шарт талаптарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдары бойынша белгіленеді.

17. Осы шартпен реттелмеген жайларда Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің нормалары қолданылады.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен реквизиттері

| Кепілдік ұстаушы | Кепілдік беруші |
|---|---|
| ___________________________ | ___________________________ |
| (кеден органының атауы) | (кепілдік берушінің атауы |
| ___________________________ | ___________________________ |
| | немесе аты, әкесінің аты, |
| Мекен-жайы_________________ | ___________________________ |
| | фамилиясы) |
| Е/есепшоты_________________ | мекен-жайы_________________ |
| ___________________________ | Е/есепшоты_________________ |
| | ___________________________ |
| Бастығы____________________ | Басшысы немесе басқа |
| ___________________________ | өкілеттенген адам__________ |
| (қолы) | ___________________________ |
| | (қолы) |

Бас (аға) бухгалтер______

___________________________

(қолы)

Кепілдік туралы шартқа өзгертулер мен толықтырулар

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

Кепілдік ұстаушы Кепілдік беруші

Бастығы________________ Басшысы немесе басқа өкілеттенген адам_________

Бас (аға) бухгалтер____ ____________________________

________________________ ____________________________

(қолы) (қолы)

Қазақстан Республикасы кеден

органдарының кепілдік пайдалануы туралы Ереже

N 2 қосымша

Жасалған кепілдік туралы шарттардың тізімі

N р/н | Жасалған күні | Кепілдік берушінің атауы | Кепілдік түрі | Талаптың сомасы (ереженің 1.3-тар. мағы | Кепілдік мәні ретінде қа. былданған тауарлар мен көлік құрал. дарының атауы саны ж/е құны

_______________________________________________________________________-

| Шарт бойынша орындау мерзімі | Іс жүзінде орындалу мерзімі | Сатылған күні | Сатылған кезде түскен сома | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК